

Алкенова Ж.Г., Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, философия және психология факультеті, МПС-51-21 тобы, магистрант
(*Ғылыми жетекші – философия докторы, PhD, қауымдастырылған профессор Сланбекова Г.К.*)

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРЫ БАР ОТБАСЫЛАРЫНДА БАЛА МЕН АТА-АНА ҚАТЫНАСТАРЫ

Кіріспе. Қазіргі уақытта қоғам отбасылық дағдарыс кезеңін бастан кешуде. Отбасыдағы ажырасулар санының көбеюі, ерекше білім беруді қажет ететін балалар санының өсуі, отбасылық қатынастар мәселелерінің көбеюі орын алуда. Статистикалық мәліметтерге сүйенетін болсақ, Қазақстанда соңғы 5 жылда ерекше білім беруді қажет ететін балалар санының 18%-ға өскенін байқауға болады. Егер 2017 жылы олардың саны 83 041 бала болса, 2022 жылы олардың саны 98 254 баланы құрады.

Отбасыда ерекше білім беруді қажет ететін баланың дүниеге келуі – елеулі күйзелісті жағдайын туындатып, бұрын қалыптасқан отбасы жағдайын қиындатады. Ерекше білім беруді қажет ететін баланы тәрбиелеп отырған отбасының өзіндік ерекшеліктері, сондай-ақ баланың оңалтуына жағымды немесе жағымсыз ықпал ететін психологиялық климаты бар.

Соңғы жылдарға дейін ерекше білім беруді қажет ететін балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардағы орын алатын мәселелер тек осы баланың аясында ғана қарастырылып келді. Ал, ата-аналардың психологиялық ерекшеліктері, күтпеген диагнозды естігеннен кейінгі ата-аналардың эмоционалды жағдайының өзгеруі сияқты айтарлықтай маңызды сұрақтар мүлдем елеусіз қалды. Әсіресе бұл мәселе аутизм спектрінің бұзылуы (АСБ) бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардың мысалында жақсы байқалады. Бұл жағдайда АСБ бар баланың қоршаған адамдармен өзара қарым-қатынас орнату функциясының бұзылуы, ата-аналармен эмоционалды байланыс орнатқысы келмеуі бала мен ата-ана арасындағы қатынастың өрескел бұзылуына әкеледі.

Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналардың жағдайы мен балалар мен ата-ана арасындағы қатынастар жүйесінің мәселесін көптеген ғалымдар зерттеді: Р.Ф. Майрамян, М.М. Семаго, В.А. Вишневский, Б.А. Воскресенский, В.В. Ткачева.

Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың әлеуметтенуі және болашақта өмірге толыққанды одан әрі бейімделуі көбінесе балалар мен ата-аналар арасында орнайтын қарым-қатынастар жүйесінің сапасына байланысты. Баланың мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес келетін үйлесімді қарым-қатынастар жүйесі оның салыстырмалы түрде тәуелсіз өмір сүруге дайындығы мен қабілетін қалыптастырудың қажетті шарты болып табылады, сонымен қатар болашақта әлеуметтік бейімделудегі қиындықтардың болуын азайтады. Осыған байланысты ата-аналардың жеке тұлғалық ерекшеліктері мен жеке басының қасиеттері көбінесе баланың әлеуметтену сипаты мен өмірде бейімделуінің сәттілігін анықтайды.

Эмпирикалық зерттеуді ұйымдастыру. Біздің жұмысымыздың мақсаты ерекше білім беруді қажет ететін балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардағы бала мен ата-аналар арасындағы қатынастың ерекшеліктерін зерттеу болып табылады.

Зерттеу жұмысына сыналушылардың келесі топтары қатысты:

- 6-12 жас аралығындағы қалыпты психикалық дамыған (ҚПД) балалар – 10 сыналушы;
- 6-12 жас аралығындағы аутистік спектрдің бұзылуы (АСБ) бар ерекше білім беруді қажет ететін (ЕББҚЕ) балалар – 10 сыналушы;
- қалыпты психикалық дамыған балалардың ата-аналары – 10 сыналушы;
- ерекше білім беруді қажет ететін балалардың ата-аналары – 10 сыналушы.

Зерттеу Қарағанды қаласының «Аутист балалардың ата-аналарының қауымдастығы» қоғамдық қорының базасында жүргізілді.

Сыналушылардың отбасыларындағы балалар мен ата-ана арасындағы қатынастарды зерттеу үшін «Отбасылық өзара қатынастарды талдау» әдістемесі қолданылды (Э.Г. Эйдемиллер, В.В. Юстицкис). Бұл әдістеме ата-аналардың баланы тәрбиелеу кезінде қолданатын тәсілдерін және тәрбиелеудің моделін анықтауға бағытталған.

«Отбасылық өзара қатынастарды талдау» (Э.Г. Эйдемиллер, В.В. Юстицкис) сауалнамасының нәтижелері бойынша, аутистік спектрдің бұзылуы бар (АСБ) баланы тәрбиелеп

отырған отбасылар мен қалыпты психикалық дамыған (ҚПД) баланы тәрбиелеп отырған отбасылардың тәрбиелік процессінде қамқорлық деңгейінде статистикалық маңызды айырмашылықтар анықталды. Осылайша, гиперқамқорлық стилін (Г+) ерекше білім беруді қажет ететін балалардың ата-аналары (80%) қалыпты психикалық дамыған балалардың ата-аналарына (20%) қарағанда жиірек қолданады. Бұның себебі келесіде болуы мүмкін: ЕББҚЕ балалардың диагнозына байланысты, олардың тәрбиесі ата-аналардың немесе қамқоршысының көп күшін, уақыты мен назар аударуын талап ететіндігімен байланысты. Көптеген ата-аналар үшін бұл олардың басты және негізгі қызметіне айналады. Баланың белгілі бір психофизиологиялық ерекшеліктеріне байланысты, ата-аналары балаларының дербестігінің жеткіліксіздігін көріп, оларды өз бетінше қалдырудан аулақ болады. Гипоқамқорлық (Г-) шкаласы ҚПД балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналардың тек 10% байқалды. Бұл жағдайда ата-ана баланың өміріне формалды түрде қызығушылық танытып, әрекеттерін бақылайды, бірақ шын мәнінде оның тәрбиесінде жылулық пен қамқорлықтың болмауы байқалады [1, 218 б.].

Баланың қажеттіліктерін қанағаттандыру дәрежесі бойынша, ҚПД балалары бар ата-аналардың 30% мен ЕББҚЕ балалары бар ата-аналардың 10%-да баланың бетінен қақпау (ҚҚ+) байқалатыны анықталды. Бұл шкала қамқорлық дәрежесінен түбегейлі ерекшеленеді, өйткені бұл жерде ата-аналардың баланың тәрбиесімен айналысу кезіндегі жұмсалған уақыты емес, оның материалдық-тұрмыстық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруы маңызды. АСБ бар балалардың ата-аналары үшін, баланың эмоциялық-ерік және қатынас-қажеттілік саласының ерекшеліктеріне байланысты онымен эмоционалды байланыс орнату қиынға соғады. Бұл жағдай баланың жеке қажеттіліктерін анықтауды қиындатуы мүмкін. Баланың қажеттіліктерін елемей (ҚҚ-) ата-аналардың екі тобында да анықталған жоқ [2, 15 б.].

Алынған нәтижелерді салыстыру көрсеткендей, талаптар мен міндеттердің (Т+) шамадан тыс болуы ҚПД балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналарға қарағанда (10%), отбасында АСБ бар балалардың ата-аналарына (60%) көбірек тән. Мұндай елеулі айырмашылық ата-аналардың баласының алдағы болашағы үшін алаңдауына байланысты болуы мүмкін. Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың тиімді физикалық және әлеуметтік дамуында, оларды күнделікті тұрмыстық дағдыларға жаттығуы мен емдік денешынықтырумен (ЕДШ) айналысуы маңызды рөл атқарады. Бұл балалар мен ата-аналар арасындағы алуан түрлі жарыстар мен ойындар түрінде өткізіледі, ал жаттығулардың сәтті орындалуы міндетті түрде ауызша ынталандырумен бекітіледі. Осылайша, көбінесе ата-аналар үшін баланың диагнозы үкім ретінде қабылданбайды, өйткені олардың баланың дамуына жұмсалған күші, оның жағдайының жақсаруына әкелетініне көздері жетеді.

Ал талаптар мен міндеттердің жеткіліксіздігі (Т-) АСБ бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларда (30%), ҚПД балалары бар отбасыларға (70%) қарағанда сирек байқалады. ҚПД балалары бар ата-аналардың балаларын қосымша міндеттермен жүктемейтіннің себебі, олардың мектепке, дайындық сабақтарына немесе үйірмелерге баратынында болуы мүмкін [3, 163 б.].

Зерттеу барысы кезінде екі топтағы талаптар мен тыйым салудың (ТС+) шамадан тыс болуының бірдей (10%) көрсеткіштері анықталды. Бұл жағдайда ата-ана келешекте баланың дербестігін шектейтін шамадан тыс тыйым салуларды қолданады. Бұл АСБ бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларда (50%) тыйым салудың жеткіліксіздігі (ТС-), ҚПД балалардың ата-аналарымен (60%) салыстырғанда сирек тіркелгендігінің көрсеткіштеріне сәйкес келеді. Осының алдында статистикалық көрсетілгендей, ҚПД балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналар көбінесе олардың бетін қақпай, қажеттіліктерін бұлжытпай қанағаттандырады. Тиісінше, олар көбінесе тәрбиенің «бәрі болады» моделін таңдайды. Бұл жағдайда бала қатаң тыйымдармен шектелінбейді, ал бұзушылық болған жағдайда, бала өз қылығының жазасыз қалуы мүмкін екенін біледі.

ЕББҚЕ балалары бар отбасыларда жазаның шамадан тыс қолданылуы (Ж+) жиі кездеседі (10%). Бұл «қатыгездік» тәрбие стиліне сәйкес келеді. Мұндай ата-аналар жазаның қолданылуын пайдалы деп санайды. Жазалардың аздығы (Ж-) АСБ бар балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналармен салыстырғанда (40%), ҚПД бар балалардың ата-аналарына тән (70%). Бұл ата-аналар жазаны қолданудың тиімділігіне күмәнданады және тәрбие процессінде көбінесе ынталандыруды қолданады.

Отбасылық тәрбиедегі ауытқулардың психологиялық себептерін анықтау бойынша, екі іріктемнің салыстырмалы нәтижесі ҚПД баланы тәрбиелейтін ата-аналар үшін (20%), АСБ бар баланы тәрбиелеп отырған ата-анамен салыстырғанда (10%), көбінесе ата-аналық сезімдер аясының кеңеюі (САК) мен жасөспірімнің бойында балалық қасиеттерді артық көру (БҚАК) тән

екенін көрсетті. Бұл жағдайда ата-ана балаға жұбайы қанағаттандыра алмаған деструктивті үмітін артады. Немесе екінші жағдайда, ата-аналар баласының өсуін бейсаналық түрде елемей, олардың бойында аңғалдық және балалық сияқты қасиеттерді ынталандырады.

Тәрбиелік сенімсіздік (ТС) объективті себептерге байланысты нормативті дамып келе жатқан балалардың ата-аналарына (10%) қарағанда, АСБ бар балалардың ата-аналарына (40%) көбірек тән. Бұған ата-аналардың ЕББҚЕ баланың туылуына және тәрбиесіне деген дайын еместігі себеп болып келеді. Бұған дейін олар ешқашан ерекше баламен кездеспегендіктен, ата-аналардың көпшілігі тиісті тәрбие стратегиясын, жазаны қолданудың және талаптарды қоюдың орындылығында сенімсіздік танытады.

ҚПД баланы тәрбиелеп отырған ата-аналардың 20% мен АСБ бар баланы тәрбиелеп отырған ата-аналардың 10% үшін баладан айырылу фобиясы (АФ) тән. Ол балада бұрын болған ауруларына байланысты пайда болуы мүмкін. Бұл баланың өміріне алаңдаушылық пен шамадан тыс қамқорлықта көрініс табады. Айта кету керек, біздің зерттеуімізде бұл шкала гиперқамқорлық стилі тән ата-аналарда тіркелді.

Зерттеу барысында АСБ бар балалардың ата-аналарының 60% мен ҚПД балалардың ата-аналарының 20%-да балаға өздерінің жағымсыз қасиеттерінің проекциясы (ЖҚП) анықталды. Бұл тәрбиелік ауытқудың негізі – ата-аналар өз балаларында өздерінің бойындағы мойындамайтын жағымсыз қасиеттерді көреді. АСБ бар балаларда әртүрлі қасиеттер айқын байқалуы мүмкін: агрессивтілік, гиперактивтілік, бағынбау, шыдамсыздық және т.б. Баланың осы табиғи қасиеттерімен күресу кезінде ата-аналар өздерінің мінез-құлқын елемеуге тырысады.

Екі іріктеменің ерлі-зайыптылары бірдей дәрежеде (10%) өздерінің қақтығыстарын баланың тәрбиесі саласына (ҚШ) шығарады. Әйелдік қасиеттерді артық көру (ӘҚА), қалыпты дамып келе жатқан балаларды бар ата-аналарға қарағанда (30%), АСБ бар баланы тәрбиелейтін ата-аналарға (50%) көбірек тән. Бұл жағдайда ҚПД балалардың жынысы әйел, ал АСБ бар барлық балалардың жынысы еркек болды. Бұл, АСБ бар кейбір балалар үшін агрессивті қасиеттер тән болғандықтан, кейбір ата-аналар олардың мінез-құлығын саналы түрде «жұмсартқысы» келетіндігімен байланысты болуы мүмкін.

Қорытынды. Жүргізілген теориялық-эмпирикалық зерттеудің нәтижелері ерекше білім беруді қажет ететін балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардағы балалар мен ата-аналар арасындағы қатынастың өзіндік ерекшеліктерімен сипатталатындығын көрсетеді. Атап айтқанда, мұндай отбасылар тәрбиенің стилін таңдау кезінде, көбінесе моральдық жауапкершіліктің жоғарылауы немесе баланың әрбір қажеттіліктерін қанағаттандыратын гиперқамқорлық сияқты тәрбиенің бұрмаланған түрлерін таңдауға бейім. Бұл ата-аналардың тәрбиелік стратегияны таңдауда және диагнозға бейімделуі кезінде бірқатар қиындықтарға тап болатынын білдіреді. Кейбір ата-аналар ерекше баланың қажеттіліктерін толық қанағаттандыру стратегиясын таңдап, баланы «жылыжай» жағдайында тәрбиелейді. Ал басқалары баланың ерекшеліктерімен өзара әрекеттесу және оның дамуына белсенді ықпал етуі туралы шешім қабылдайды. Отбасыдағы баланы тәрбиелеудің стилін таңдау барысында ата-аналардың өздерінің жеке қасиеттері шешуші факторға айналады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Белякова А.С., Гринина Е.С. К вопросу об эмоциональном состоянии родителей, воспитывающих детей с ограниченными возможностями здоровья. - М., 2016. -218–226 б.
2. Ткачева В. В. Психологическая помощь семьям, воспитывающим детей с отклонениями в развитии: автореф. дис. канд. психол. наук / В. В. Ткачева. - М., 1999. -15 б.
3. Гринина Е.С., Рудзинская Т.Ф. Особенности детско-родительских отношений в семьях, воспитывающих ребенка с ограниченными возможностями здоровья // Известия Саратовского университета. Новая серия. Акмеология образования. Психология развития. 2016. № 2. -63–168 б.

Аскерхан Н., Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Философия және психология факультеті, М2-Ф22-1К тобы, магистрант
(*Ғылыми жетекшісі- Жусупова Б. Ж., PhD, профессор ассистенті*)

АРАБ-МҰСЫЛМАНДЫҚ РАЦИОНАЛИЗМІ

Рационализм – интеллектуалды және дедуктивті зерттеу арқылы ақиқатты растау әдісі. Ал араб-мұсылмандық рационализмі ислам дінін растауға қолданылатын пән ретінде қарастырылады. VII ғасырдың басында ислам діні пайда болуымен араб қоғамында бұрын соңды болмаған